



11 сәуір, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi\_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi\_kz

## ПРЕЗИДЕНТ



### ҚАЗАҚСТАН-ӘЗЕРБАЙЖАН: КЕЛІССӨЗДЕР КӨКЖИЕГІ КЕҢ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен кездесу өткізді. Келіссөздер алдында «Ақорда» резиденциясында ресми қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы мемлекеттер басшыларына рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік еңбандары шығалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Шағын құрамдағы кездесуден кейін екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен келіссөзді кеңейтілген құрамда жалғастырды. Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-транспорттық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударып, Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың негізгі мәселелерін жан-жақты талқылады. Мемлекет басшысы екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін Әзербайжан Президентінің бұл сапарының маңызы зор екенін айтты.

Мемлекет басшысы екі ел арасында ауқымды базалық қатынастарды нығайту және одақтастық ынтымақтасуына сүйене отырып, біз бүгінде шынайы стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында дамып келе жатқан тиімді мемлекетаралық ынтымақтастықты жолға қойдық. Елдеріміз арасында қарқынды және сенімді саяси диалог орнады. Үкімет деңгейінде үйлесімді жұмыстар атқарылып, көпжақты платформалар аясында сындарлы өзара іс-әрекет жүргізіліп келеді, — деді Президент.

тастықты тереңдету туралы декларацияға, сондай-ақ ынтымақтастықты дамытудың 2026 жылға дейінгі кешенді бағдарламасына қол қойды. Бүгін тағы бірқатар маңызды құжат қабылданды. Сонымен қатар Сіздің бүгінгі сапарыңыз аясында ынтымақтастығымыздың саяси тұғырнамасына тың серпін беретін Жоғары мемлекетаралық кеңес құрамыз. Бұл екіжақты қатынастарға тың серпін беретіні сөзсіз, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттер екі елдің сауда-экономика саласындағы қарым-қатынастарының айтарлықтай ілгерілеп келе жатқанына көңілдері толанып, мән-жайды. Былтыр екіжақты тауар айналымы 40 пайызға артып, жарты миллиард долларға жетті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Әзербайжанның экономикалық әлеуетін толыққанды пайдалана отырып, бұл көрсеткішті 1 миллиард долларға дейін жеткізуге мүмкіндік бар деп санайды.

2-бет

## ҮКІМЕТ

### ҮКІМЕТ АУЫЛДЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН БЕКІТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қараша айында ҚР Президенті лауазымына кіріскеннен кейін ауылды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу туралы Жарлыққа қол қойған еді. Кеше Үкімет Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітіп, ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды.

Тұжырымдама ауылдардың географиялық ерекшеліктері мен артықшылықтарын ескере отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін аша түсуге бағытталған. Онда ауыл тұрғындарының табысы мен тұрмыс сапасын арттыру бойынша түрлі шаралар қарастырылған.

Құжатта «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында ел бойынша ауыл тұрғындарының 90%-ы өмір сүріп жатқан даму әлеуеті жоғары 3,5 мың ауылды кешенді жаңғыртуға баса назар аударылған. Бұл ауылдар адамдардың еңбек етіп, өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау есебінен экономикалық өсудің жаңа нүктелеріне айналмақ.

Айта кетсек, Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2023 жылдың басында республикада 6 295 ауылдық елді мекен бар, онда ел халқының 38,2%-ы немесе 7,5 млн адам тұрады.

2-бет



## «АҢСАҒАН СӘБИ»

### БЕС ЖЫЛ КҮТКЕН БАҚЫТ



Байқоңыр қаласының 31 жастағы тұрғыны «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында Айлин, Анель, Адель есімді үшемді дүниеге әкелді.

СБ Айһүр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Әйгерім Әлімханованың бұл — бірінші жүктілігі. Ол жүктіліктің 28 аптасында мерзімінен бұрын кесарь тілігімен босанды. Шақалақтар 1180, 1200, 1400 грамм болып туған. Шала туған нәрестелер Байқоңыр қаласынан санитарлық авиация арқылы облыстық перинаталдық орталыққа жеткізіліп, орталық неонатологияларының ерекше күтімінде болды. Қазіргі кезде анасы мен балалардың денсаулығы жақсы.

— Қуанышымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Ана болу — өте керемет сезім. Біз жолдасым екеміз бұл бақытты ұзақ күттік. Отау нәрестелер Байқоңыр қаласынан санитарлық авиация арқылы облыстық перинаталдық орталыққа жеткізіліп, орталық неонатологияларының ерекше күтімінде болды. Қазіргі кезде анасы мен балалардың денсаулығы жақсы.

2-бет

## «ТУҒАН ЖЕР»

### КҮЛЛІ ӘЛЕМДІ ШАРЛАҒАН КЕҢЕС-ӘУЕН



Композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Дүйсекеев атындағы «Туған жер» атты I халықаралық ән бәйгесі өз мәресіне жетті. Екі күнге созылған конкурстың 1 миллион теңгелік бас жүлдесін атыраулық әнші Дана Мәжитова иеленді. Ол К.Дүйсекеевтің «Туған жер» әнін орындады.

I орынды «Сәлем саған, туған ел!» әнін орындаған актриса «Тамсан» триосы мен «Тенеу бар ма, саған?»

әнін қазақша шырқаған Польша елінің өнерпазы Михаил Качмарек жеңіп алды. II орынның олжасы астаналық әнші Айдын Жұмабаева, тағы бір актриса талант Азамат Бекбергеновке және қырғыз әншісі Абай Сериковке бұйырды. III орын жүлдесін —

Алмагүл Батталиева (Алматы), Камила Талғатова (Шығыс Қазақстан), Славяна Иванова (Болгария) бөлісті. Сонымен қатар, «Үміт», «Көрермен көзайымы», «Туған жер» деп аталған номинациялар жүлдесі Кенже Майлыбайға (Қызылорда облысы, Қазалы ауданы), Муса Молдабаева (Өзбекстан), Ақылбек Табынбаева (Қызылорда) тиесілі болды. Жүлделерді облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, Кеңес Дүйсекеевтің ұлы Нұркен Дүйсекеев және қазылар алқасы табыс етті.

Конкурс Н.Бекежанов театрында гала-концертпен қорытындыланды. Көрермендер Кеңес Дүйсекеевтің әндерін тік тұрып қосыла шырқады. Осылайша Сыр елінің талантты перзентінің асқақ әндері туған жер төсінде қалықтады.

«СБ» ақпарат

## МӘСЕЛЕ

### ШАТЫР ҰШТЫ! ШЫТЫРЛАП АҚША ҰШТЫ!

Қызылорданың желі. Құм аралас құйын. Кейінгі жылдардағы құрылыс сапасын айна-қатесіз көрсетіп беріп тұр. Аяқасты ұйтқығаны сең соққандай әсер етіп, дал-дұлымыз шығатын болды. Мұржалар бел ортасынан сынып, шатырмен бірге шытырлаған ақша да желге ұшып жатыр.

СБ Айдар САЙЛАВОВ, «Сыр бойы»

Еліміздегі жаңадан салынып жатқан құрылыстардың орта жолдан опырылып құлай салуы, пайдалануға берілген үйлердің жыл өтпей жатып олқылықтары көрінуі қалыпты жағдайға айналып барады.



4-бет



## ҚАЗАҚСТАН-ӘЗЕРБАЙЖАН: КЕЛІССӨЗДЕР КӨКЖИЕГІ КЕҢ

Сондай-ақ Мемлекет басшысы қазақ-әзербайжан қатынасын нығайтуда мәдениет саласындағы ынтымақтастық ерекше рөл атқаратынына назар аударды.

— Екі елдің мәдени онқүндігін өткізу туралы уағдаластық ерекше атап өткізіледі. Биыл Әзербайжанда Қазақстанның мәдениет күндері өтеді. Бүгін біз құрметті Әзербайжан Президентімен бірге көрнекті мемлекет қайраткері Гейдар Әлиев атындағы көшені ашамыз. Бұл игі шара әзербайжан халқының біртуар перзентінің жүз жылдығына орай өткізіліп отыр. Елдеріміздің шынайы достығы мен өзара қолдауының тағы бір айқын дәлелі — қазақ халқының Әзербайжанға тартуы Физули

каласындағы Құрманғазы атындағы балалар шығармашылық орталығы. Бұл нысанның құрылысы қарқынды жүріп жатқаны жөнінде маған мәлімдеді. Осы маңызды нысанның іске қосылуы жуық арада көре аламыз деп ойлаймын. Біз гуманитарлық байланыстарды жан-жақты дамытып, ортақ рухани және мәдени құндылықтарды байытуға ниеттіміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Ильхам Әлиев Астанаға шақырғаны және қазақ халқының дәстүрлі қонақжайлығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа тағы да алғыс айтты. — Ең алдымен, Қазақстанға ресми сапармен шақырғаныңыз үшін тағы да алғыс айтамын. Бауырлас қазақ жеріне келгеніме қуаныштымын. Біздің қарым-қатынасымыз нығайып

келеді. Халықтарымыздың арасындағы байланыстың тарихы терең әрі біз әрдайым бір-бірімізге бауыр ретінде қараймыз. Бүгін осы берік іргетастың негізінде келешегімізді бірге құрып жатырмыз. Біз бұған дейін талқылаған ынтымақтастықтың барлық саласының әлеуеті мол. Гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың айрықша маңызды екенін айта кеткім келеді. Қазақстанның Әзербайжандағы, сондай-ақ Әзербайжанның Қазақстандағы мәдениет күндерінің ұйымдастырылуы елдерімізді одан әрі жақындата түсіп, халықтарымыздың терең тарихы мен бай мәдениетін паш етеді. Біздің ойымызша, мемлекетаралық қарым-қатынасымыздың негізі — осы гуманитарлық сала. Әрине, екі

тараптың да мүддесіне сай салалар аз емес. Біз, шын мәнінде, өзара ынтымақтастық пен одақтастықтың жаңа деңгейіне көтеріліп жатырмыз, — деді Әзербайжан Президенті.

Ильхам Әлиев екіжақты қарым-қатынастар бойынша ауқымды мәселелер көтерілгенін және халықаралық мәселелер жөнінде жан-жақты келіссөздер жүргізілгенін айтты.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев Бірлескен мәлімдемеге және Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының Жоғары мемлекетаралық кеңесін құру туралы Хаттамаға қол қойды.

Akorda.kz

Тұжырымдамадағы негізгі мақсаттардың бірі — ауылдардың әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту. Атап айтқанда, жаңа мектептер мен медициналық нысандар салынып, сумен және электрмен үздіксіз жабдықталады, кең жолақты интернет және ғарыштық байланысы тартылады. Ауыл жолдарының сапасы жақсарып, кітапхана, клуб, музей және кинотеатр, спорт ғимараттары сияқты мәдени нысандар салынады, халыққа қызмет көрсету орталықтары ашылады.

Тұжырымдамадағы негізгі мақсаттардың бірі — ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастыру фермерлерге тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай материалдары, жем-шөп, агротехникалық және ветеринариялық қызметтер шығындарын қысқартуға, жер учаскелерін, ауыл шаруашылығы техникасын, ирригациялық және дренаждық жүйелерді бірлесіп пайдалану есебінен өндірілген өнім көлемін арттыруға, сондай-ақ делдалдарсыз тұрақты түрде тауар өткізіп отыруға мүмкіндік береді.

Жалпы мұндай тәсіл биз-

## ҮКІМЕТ АУЫЛДЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН БЕКІТТІ

Тұрғын үй құрылысын жандандыру үшін жаңа жер учаскелеріне инженерлік коммуникацияларды жүргізу жалғасуда. Бұл ретте ауылдық елді мекендерде өз қызметкерлеріне үй салып берген жұмыс берушілердің шығындарының 50%-ы субсидияланады.

Сондай-ақ ауылдық жерлердегі қоғамдық қауіпсіздікті күшейту үшін заманауи учаскелік полиция пункттерін салу, аудан орталықтарында бейнебақылау жүйесін енгізу, ауылдарда жауау жүргіншілер жолдары мен мал айдау аймақтарын белгілеу, шомылуға рұқсат етілген және жабдықталған орындар құру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Оған қоса шекаралас ауылдық елді мекендерді дамытуға ерекше назар аударылатын болады. Атап айтқанда, инфрақұрылымды жаңарту мен негізгі қызметтерді қамтамасыз етудің арқасында халықтың елді мекендерден көшугін азайту, адамдардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау және жалпы шекара маңындағы аудандардың экономикалық дамуына жаңа серпін беру жоспарланып отыр. Ал еңбек тапшылығы бар өңірлердің шекаралас ауылдық округтер тұрғындарының жалақысына үстемеақы қосу мүмкіндігі қаралатын болады.

Сонымен қатар тұжырымдама аясында топырақ құнарлы жақсарту, ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды пайдалануға бақылауды күшейту, жаңа суармалы учаскелерді айналымға енгізу, су қоймаларын реконструкциялау және салу, өнімділікті арттыру, дақылдарды өртараптану және басқа да жүйелі шаралар көзделген.

Ауыл тұрғындарының тадыры артыру мәселесін агроөнеркәсіп өндірісін жандандыру, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту арқылы шешу жоспарланып отыр. Осылайша шағын шаруашылықтарды біріктіру және ауыл шаруашылығы кооперативтерін ұйымдастыруға ықпал етпек. Сонымен қатар қызмет бағыттарын кеңейту есебінен жаңа жұмыс орындары ашылып, жас кадрлардың тұрақты калуына жағдай жасалады.

«Ауыл аманаты» жобасы осындай құралдардың бірі болмақ, оның аясында жеке қосалқы шаруашылықтарға жылдық 2,5% мөлшерлеме бойынша жеңілдікпен шағын несие беру, сервистік-өткізу кооперативтерін қалыптастыру, техника, жабдықтардың және т.б. қамтамасыз етілмек. Сондай-ақ, ауылда азық-түліктің негізгі түрлері бойынша импортты алмастыратын инвестициялық жобаларды қаржыландыру бойынша тәжірибесі қолданылмақ.

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы басқа да бірқатар іс-шараны көздейді. Оның ішінде ауыл тұрғындарын жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту, жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсету, шекаралас ауылдық округтерді ынтылдандыру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және басқалары бар.

Тұжырымдаманы іске асыру арқылы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз ауыл халқының үлесі 5,8%-ға дейін, ал ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейі 4,2%-ға дейін төмендейді деп күтіледі. Сонымен қатар ауылдық елді мекендер сумен 100%, интернетпен 97% қамтылады, сондай-ақ нормативтік жағдайы жақсы жергілікті жолдардың үлесі 95%-ға жеткізілмек. Ауылдық жерлерде 655 денсаулық сақтау нысаны, 183 мектеп және 100 спорт ғимараты пайдалануға беріледі. 650 мәдениет нысаны салынып, жөндеуден өткізіледі.

«СБ» ақпарат

1-бет



### ЖАНАРМАЙ НАРҚЫ

## БАҒА ҮШІН ҚОРДЫ ЖАСЫРҒАН

Жанармай нарқы және оның қорына қатысты мәселе пысықталып жатыр. Кеше Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың төрағалығымен ішкі нарықты мұнай өнімдерімен, оның ішінде дизель отынымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талқыланды.

Энергетика министрі Алмасадан Сәткалиевтің айтуынша, қазір республикада дизель отынының жиынтық қоры 309 мың тонна. Осы айда тағы 441 мың тонна жанармай өндірілмек. Сонда сәуірде дизельдің жалпы көлемі шамамен 750 мың тонна болады. Ал тұтыну көлемі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен КТЖ қажеттіліктерін қоса есептегенде, шамамен 510 мың тонна қурайды.

Тапшылық мәселесі бойынша министр (7 сәуірдегі жағдай) 415 жанармай құю станциясында дизель отыны болмағанын, бұл еліміздегі 3163 нысанның 13%-ы екенін атап өтті. Осы ретте министрлік тапшылықты тез арада жою үшін өңірлер әкімдіктерінен өтінімдер жинаған.

Жалпы мемлекет өңдеу кәсіпорындарында тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдап жатыр. Шымкенттегі МӨЗ-ін жөндеу жұмыстары мерзімінен бұрын аяқталып, мұнай өнімдерін жөнелту басталып кеткен. Бұл ретте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен тапшылық бар өңірлердегі жанармай құю бекеттеріне басымдық беріледі.

Ал соңғы күндері орын алған тапшылық жанармай құю станциялары иелерінің баға айырмашылығын күтіп, мұнай базаларындағы отын қорын жасырып қалуына байланысты болған. Бұл туралы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев мәлімдеді. Өйткені жеке мұнай базаларында елде бар дизель отыны көлемінің 73%-ы жинақталған көрінеді.

Қаржы вице-министрі Ержан Біржановтың ақпаратынша, өткен аптада 3 мыңнан астам жанармай құю станциясына талдау жүргізілген. Мұнда жанармай бола тұра, саудасаттық көлемі азайып кеткен нысандарға ерекше назар аударылған. Бұл санатта еліміз бойынша 152 жанармай құю бекеті анықталып, барлық деректер бойынша тиісті шаралар қабылданып жатыр.

Роман Скляр өңірлердегі штабтар белсенді түрде әрекет етіп, тұрақты рейдтер өткізуі керектігін атап өтті.

— Алып-сатарлыққа және мұнай базаларында отынды «ұстап тұруға» жол бермеу керек, өйткені бұл елдің энергетикалық қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. МКК, КМА және БҚДА-дан жанармай құю станциясындағы жағдайды бақылауды күшейтуді сұраймын. Жанар-жағармай материалдары бола тұрып, оны сатпай отырған нысандар анықталса, оларды заң бойынша жауапқа тарту керек. «ҚазМұнайГаз» және КТЖ зауыттардан жоспарланған жанар-жағармай материалдарының көлемін, әсіресе дизель отынын уақытылы және толығымен жөнелтуді және жеткізуді қамтамасыз етуі қажет, — деп нақтылады Р.Скляр.

«СБ» ақпарат

## БАҚЫЛАУСЫЗ БАЛА БАССЫЗДЫҚҚА БАРАДЫ

Өткен сенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кейінгі кезде облыс көлемінде көмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтарға, Қазалы ауданында жасөспірімдер арасында орын алған төбелеске байланысты шұғыл жиын өткізді. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, қала, аудан әкімдері, полиция департаментінің басшылығы қатысты. Нұрлыбек Машбекұлы Қазалы ауданында бұған дейін де жаппай төбелес болғанын, аудан әкімі мен жергілікті полицияның осы жағдайға жол беріп, әрекетсіздік танытқанын қатаң сынға алды.

Бұған қоса Қызылорда қаласындағы №217 мектеп оқушылары суық қару қолданған. Байқоңыр қаласындағы №275 мектепте де төбелес тіркелді. Жалағаш кентінде де екі мектеп оқушылары арасында жанжал шыққан.

Жиында полиция департаменті басшысының міндетін атқарушы Шамшидин Әмитов пен Қызылорда қаласы, Қазалы және Жалағаш аудандарының әкімдері, облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбет жағдайға байланысты түсінік берді. Облыс әкімі жастарды әлеуметтендіру бағытындағы шаралардың жеткі-



ліксіздігін, тәрбие жұмыстары тек есеп беру үшін өткізілетінін айтты. Жауаптылар оқиғаның алдын алудың орнына үнемі салдармен күреседі. Аймақ басшысы төбелестің шығу себебін анықтап, шұғыл шара қабылдауды тапсырды.

Мұндайға жол берген, уақытылы бақылау жасамаған лауазымды тұлғалардың барлығына тиісті шара көру керек. Аймақ басшысы бұл жағдайда ата-аналар өз жауапкершілігін сезіну керектігін ескертті. Бала тәрбиесін мектепке жүктеп қоюға болмайды.

— Бәріміз де — ата-анамыз. Әрбір ата-ана азанда мектепке шығарып

салған баласының үйге есен-сау оралатынына сенімді болуы керек. Ал полиция мен мектеп бұған қол жеткізе алмай отыр. Қызылорда қаласы мен Қазалы, Жалағаш ауданы бойынша полиция бөлімдерінің жауапкершілігі қаралсын. Сонымен қатар, аталған мектеп директорлары мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына да осы жағдайға жол бергендері үшін тиісті шара қолданылсын, — деді облыс әкімі.

Жиын соңында жауапты басшыларға қала мен барлық ауданда рейд ұйымдастыру, ата-аналар мен жасөспірімдер арасында түсініктері жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

## ОҚУШЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ОҢАЛЫП КЕЛЕДІ

Қазалыда жасөспірімдер арасында болған жағдайға байланысты әлеуметтік желіде түрлі пікірлер айтылып жатыр. Құзырлы сала басшылары осы оқиғаға орай кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте түсіндірме берді.

Әділжан ҮМБЕТ,  
«Сыр бойы»

Облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағанбеттің айтуынша, аудан орталығындағы №70 және №266 мектеп оқушылары арасында жанжал туындаған. Оқиға салдарынан №70 мектептің 9-сынып оқушысы зардап шеккен.

— Сол күні ауруханаға барып науқас баланың жағдайын білдім. Қазір де хабарласып, бақылап отырмыз. Оқиғаға байланысты мектептерде мұғалімдер, жоғары сынып оқушылары және ата-аналардың қатысуымен арнайы жиын өткізілді. Құзырлы орын басшылары тәрбие мәселесіне қатысты пікірлерін білдірді. Кемшіліктерге жол берген мамандар тиісті тәртіптік жазаға

тартылады. Облыстағы барлық білім беру ұйымдарына тәрбие, тәртіп жұмыстарын күшейтуге тапсырма берілді, — деді басқарма басшысы.

Қазіргі таңда жаракат алған оқушының жағдайы жақсарып келеді. Дәрігерлер қажетті ем шараларын жасап жатыр.

— Жасөспірім теміржол ауруханасына ауысқаннан кейін оған облыстық көпбейінді балалар ауруханасының дәрігерлері санавиация арқылы барып, денсаулығына тексеріс жүргізді. Баланың өміріне төніп тұрған қауіп жоқ, — деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ыскаков.

## БЕС ЖЫЛ КҮТКЕН БАҚЫТ

Сондықтан осы бағдарламаны жасаған әрбір жанға, аймақ дәрігерлеріне, әсіресе, облыстық перинаталды орталық мамандарына алғыс айтамын. Жүктіліктің басында маған құрсақтағы нәрестені егіз деген болатын, кейін үшеу екенін айтты. Оны естігенде тіпті қуандық. Аллаға шүкір! — дейді Әйгерім.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет

1-бет

басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында отбасылық-демографиялық ахуал зор алаңдаушылық тудырып отырған мәселе екенін айтып, нақты міндеттер жүктеген еді.

«Өкінішке қарай, Қазақстанда әрбір алтыншы отбасы бала сүйе алмай отыр. Сауалнама көрсеткендей, отандастарымыздың 20 пайызға жуығы

мұны ажырасуға негіз болатын елеулі себеп деп санайды. Біріккен Ұлттар Ұйымының еліміздегі халық санының өсіміне қатысты болжамы Орталық Азиядағы көршілес мемлекеттермен салыстырғанда көңіл көншітпейді. Үкіметке 2021 жылдан бастап «Анаған сәби» арнаулы бағдарламасын жүзеге асыруды тапсырамын. Экстракорпоральды ұрықтандыру бағдарламалары бойынша бөлінетін квота санын

7 мыңға дейін, яғни 7 есе көбейту қажет» деп нақты тапсырма берді. Осылайша 2021 жылдан бастап елімізде қосалқы репродуктивті технологиялардың көмегімен отбасылық-демографиялық проблемаларды шешуге жәрдемдесу мақсатында «Анаған сәби» арнаулы бағдарламасы іске қосылды.

2021 жылы аймаққа бөлінген 281 квота өткен жылдың қараша айына дейін толық игерілді. 2021 жылы ЭҚҰ арқылы 119 бала туып,

3 отбасында егіздер дүниеге келген. Ал бытыр бағдарлама бойынша 277 квота бөлініп, ол түгел жолданып, орындалу үлесі 100%-ды құрап отыр. Быылға 274 квота беріліп, бүгінгі күні 92-сі игерілген. 182 квота жыл аяғына дейін игерілетін болады.

2014 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 683 отбасы кезекте тұр, 2021 жылы 122, бытыр 462 отбасы кезекте тұрған.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТІҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ



республиканың бірі ретінде автономиялық бағыныштылықтан құтылды. Одақтас республика дәрежесіне Казак ССР Оқу-ағарту халық комиссариатының аз жылда мәдени-рухани саладағы жасампаздық істерінің арқасында қолы жетті. Әйтпесе Ұлы жұттан

таратылды. 1935 жылы бастауыш мектеп саны 6587-ге (оның 3751-і казак мектебі) жетті, 573 орталау және 169 казак орта мектептері болды, оларда 640100 оқушы оқыды.

Осы 1933 жылы-ақ Ағарту халық комиссары Т.Жүргеновтің тікелей қатысуымен республика басшылығы бірнеше қуатты қаулы-қарар қабылдады. Енді бастауыш мектеп 4 жылдық, мемлекет карауына алынды.

Ұстазы, атакты шайыр Т.Ізгілеуовке арнайы тапсырыспен «Шахнаманы» аудартты.

Казак ұлтының зұлмат ашаршылықтан соң ес жиып, етек жапқан кезіндегі бұл келтірілген тарихи деректер 35-40 жасында жасындай аққан жұлдыз болып казак өркениетінің самғау шыңына көтерілген пассивнаур тұлғаның министр болып тұр-

Казак ұлттық музыка аспаптарының жасайтын шеберхана ұйымдастыруымен Орта Азияға ортақ тұлға, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай танымдық жиын өтті.

Т.Жүргеновтің есімімен тікелей байланысты бұл тізімді осы іспетте бейнелеу өнері мен кино, ел әдебиеті мен халық творчествосы салаларында да жалғастыра беруге болар еді. 1965 жылы Халық артисі К.Жандарбеков: «Темірбек Жүргенов казак өнерінің қанат жаюына қыруар тер төкті. Біз оны казак театрының атасы ретінде білеміз» — деп тебірене, жоқтап жазған болатын.

Казак руханиятындағы аз уақытта шыңға көтерілген ғаламат жетістіктерінің финалы — 1936 жылы мамыр айында астана Мәскеуде аншлаптен өткен Казак өнерінің бірінші онкүндігі еді. Казакстан делегациясын Нарком Т.Жүргеновтің өзі басқарып барып (ел басшысы Л.Мирзоян Мәскеуге Қырымдағы демалысынан соңғы марапат тапсыру сәтіне ғана келіп жетті), казак мәдениеті мен өнерінің жауһар асылдарын әлемге танытты. Тума таланттар әнші Күләш Байсейітова, Елубай Өмірзақов пен Курманбек Жандарбеков заманының ең жоғары марапаты — Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Қарт жырау Жамбыл, Сәкен сері Сейфуллин, биші Шара Жандарбекова, Қанабек Байсейітов пен Манарбек Ержанов, Серке Қожамқұлов пен Қалибек Қуанышбаев, Ахмет Жұбанов пен Е.Брусилевский, артист Урия Тұрдықұлова тек «Құрмет белгісі» орденіне ғана емес, барша жұртшылықтың сүйіспеншілігі мен қосметіне бөленді. Мәскеудегі данқты онкүндік, казак өнері мен мәдениетінің Қайта өрлеуі туралы талай рет жазылған, әлі жазыла да, айтыла да бермек.

Кезінде академик Ахмет Жұбановтың: «Темірбекпен сөйлеспіш шыққанша «Алатауды айырып, Қаратауды қайырып жібергендей» жігермен үйге қайтатынбыз. Өнер саласында қай-қайсымыз үшін сол Темірбектің жігері жетпейтін» деген сөзі орын тапқан түйін болар деп ойлаймыз.

Елімізде Әділетті Қазакстан құрудың алғашқы баспалдағы — құғын-сұрғын құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиялар жұмыс жасап жатқанынан көпшілік хабарлар. Біз де сол мемлекеттік комиссияның бір мүшесі ретінде 70 жыл бойы халықтан жасырылып келген он мыңдаған құжат-істерді құпиясыздандырып, нәубет заманының ащы шындығын ашу ісімен айналысудамыз. 80-ге келіп өзінің немерелерімен жасты қанішер коммунистердің оғынан ажал құшқан Темір Наркомның әкесі Кара ақсақал мен қырық жасында өзі орнатқан, өрге сүйреген советтік өкіметтің зорлық саясатымен қыршынынан қиылған Темірбек Жүргеновтің қазасына қатысты тарихи деректер, тың мәліметтер толығымен жарияланар кез де қашық емес. Сол кезде казак мәдени-рухани әлеміндегі теңдесі жоқ ұлттық қайраткер, пассивнаур тұлғаның соңғы күндері мен демі үзілер шақтағы өкініштеріне де қанық боламыз.

Ғарифолла ӘНЕС, филология ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры, «Арыс» қорының (баспасының) директоры

# Ұлттың ұлы перзенті



1933 жыл: Казакты қынадай қырған жауыз басшы Ф.Голощекиннің орнына «Мирзоян» — Л.Мирзоян келді. «Ораза, намаз тоқтықта» дегендей, оқу-білім тұрмақ асаған, тозған, босқан жұртты жинаудың өзі онайға түспеді. Ақтабан шұбырындыға ұшырап, есенгіреген елдің енесін көтеру керек болды. Ол тек «Темір Нарком» атанған Темірбек Қараұлы Жүргеновтің ғана қолынан келетін іс еді...

1946 жылға дейін барша советтік кеңестікте министрлік лауазымы Нарком, яғни Халық комиссары деп аталды. Наркомдық лауазым Темірбек үшін тансық емес еді: 31 жасында Сталинобад қаласында Тәжік Советтік Социалистік Республикасының Қаржы министрі болды. 1930-1933 жылдары Өзбек Советтік Социалистік Республикасының Оқу-ағарту министрі қызметін абыроймен атқарды. Казак Автономиялық Советтік Социалистік Республикасына дәл осындай жоғары дәрежелі қызметке ауысқан тұста Өзбекстанның А.Икрамов, Ф.Ходжаев сынды басшылары тандаған бас шайқасты: «Біз Нарком Т.Жүргеновке барлық жағдайды жасап едік ғой. Табысты жұмыс жасап келе жатқан абыройлы лауазымынан қалайша өз еркімен бас тартады?!» Өзінің қырыққа жетпей қыршынынан қиылатынын сезгендей ол әрбір айы мен күнін, әрбір маусымы мен жылын жалайды жігермен жасындай жарқырап өткізді. 25 жасында-ақ Төшекендегі Орынборда орта тіккен Казак АССР-ның Өкілетті өкілі болса, 1926-1927 жылдары әлі Казакстанға көшіп үлгермеген Төшекендегі Казак педагогикалық жоғары оқу орнының — кейін Казакстанның барша институттары мен университеттерінің (ҚазМУ) кіндік атасы атанған бүгінгі Абай атындағы Алматы педагогикалық университетінің ректоры қызметін атқарған болатын.

Отызында орда бузған Т.Жүргенов қандай істі қолға алса да шегіне жеткізе атқаратын, бүгінгі тілмен айтсақ, нағыз максималист маман еді... Этникалық геноцидке ұшырап, халқының жартысынан көбі аштан қырылған автономиялы республиканың барлық мәдени-рухани, оқу-ағарту һәм өнерін жандандыру 1933-1937 жылдары «Темір Наркомның» пешенесіне жазылған жұлдызды тағдыр-тұғын. Оны сол кездің өзінде көзінше жұрт бекерден-бекер «Казак Луначарский» деп атамаған еді.

1936 жылы бұрынғы Ресей империясының қанаты астындағы финдер мен Балтық бойы халықтарынан басқаларын отаршылдық шенгелінен шығармай, Совет Одағы атты алып мемлекет құрылған тұста Казакстан он бес

сансырап қансыраған Казакстанның халық санының мардымсыздығымен және ұлттық құрамының айтуға ұят құлдыраған пайыз-саныммен, экономикалық әлеуетінің мешеулігімен ешбір одақтық республика дәрежесіне қол созардай көрсеткіштері жоқ болатын.

Осындай жаңжирклық қажырлы еңбегі үшін оған сол кездегі ең жоғарғы марапат — Еңбек Қызыл Ту ордені ғана бұйырды. 1937-нің қанды қасабында оның да бір тиындық құны болмай, бір оқтын құрбаны, жендеттерге жем болды... (1991 жылы алып империя құлаған кезде өз заманында одақтас республика дәрежесіне көтеріле алмаған автономиялық республикалардың тәуелділік құрауында шырмалып қалуы, әрине, ол басқа бір сарындағы өңгіме).

Пассивнаурлық тұлға Т.Жүргенов бес жылға толар-толмас Оқу-ағарту Наркомы болған жылдары екі саланың бағы жанды, революциялық өзгерістерге қол жеткізілді. Оның бірі — жаппай сауаттылық пен мектеп ашу ісі болса, екіншісі — Казакстан өнері мен мәдениетінің Қайта өрлеу заманы болды.

Жаңа басшы істі әуелі елдегі сауатсыздықты жою, жаппай бастауыш мектептер ашу, мұғалімдер дайындау сынды кезек күттірмейтін шараларды қолға алудан бастады. Барлық облыс орталықтарында 6 айлық курстар ашылды. «Әрбір мұғалім кем дегенде 35 адамның сауатын ашсын!» деген ұран көтерілді. Комиссариат жанынан ересек адамдарды оқыту жөнінде басқарма құрылып, оның сауатсыздар, шала сауаттылар және жоғары типтегі мектептер атты бөлімдері болды. «Төте оқу» атты газет шығып тұрды. 1934 жылы 468 мың дана, ал 1935 жылы 1,5 млн дана оқулық кітап басылып,

орталау мектеп 7 жылдық, ал орта мектеп 10 жылдық болды белгіленді. Елімізде 1929 жылы оқу-ағарту ісіне бір адамға шаққанда 3 сом бөлініп келсе, 1935 жылы 33 сом, ал 1937 жылы 90 сом бөлінетін болды. Мемлекет қаржысына 3000, колхозшылар күшімен және 1000 жана мектеп салынды, бұрыннан бар мектептер ұлғайтылды. Осылайша 1937-1938 оқу жылында Казакстанда оқушылар саны 1 млн-нан асты. Орталау мектеп саны 417-ден 1097-ге, орта мектеп 31-ден 315-ке дейін көбейді.

1934 жылы қантарда Екіпінді мұғалімдер съезі, ал мамырда Мәдениет қызметкерлерінің бүкіл-казакстандық І съезі өткізілді.

1934 жылы 15 қантарда Казак мемлекеттік университеті (бүгінгі әл Ғараби атындағы Казак Ұлттық университеті) іргесін көтерді.

1934 жылы Семейдегі геология-барлау институты Алматыға көшіріп әкелініп, Казак кен-металлургия институты (бүгінгі Қ.Сәтбаев атындағы Казак Ұлттық политехникалық университеті) құрылды.

Алматыда, Оралда, Ақтөбеде, Қарағандыда, Қызылордада, Петропавлда, Семейде, Шымкентте екі жылдық мұғалімдік институттар ашылды. Мәдени-ағарту саласында 30-ға жуық, ал өнеркәсіп пен транспорт, байланыс пен техникалық салада 20-дан астам техникум ұйымдастырылды.

1936 жылы алғашқы 66 мамандар мектепін бітіріп шықты.

1935 жылы қантарда Казакстанды зерттеу қоғамының жаңа жарғысы бекітілді. Арнайы Ғылым комитеті құрылып, барша ғылым-зерттеу жұмыстарын үйлестірді.

Архивтер мен музейлер, кітапханалар мен клубтар ұйымдастырылды.

Қожа Ахмет Ясауи мавзолейі

ған кезіндегі атқарған қыруар шаруасының көзге шалынып тұрған теңіздің тамшысындай тындырғандары-туғын.

Халықтың сауатын ашып, мәдени даму жолына түсуімен қатар оның өнерін өркендетті (классикалық) деңгейде қалпына келтіру ісі де қолға алынды. 1934 жылы Алматы музыка-драмалық техникумы оқу комбинаты болып қайта жасакталып, оның жанында кино бөлімі құрылды.

Осы жылы мамырда Казактың музыкалық-хореографиялық мектебі алғашқы оқушыларын қабылдады. Хореографиялық училищесі ашылып, арнайы мамандар шақырылды.

Оралда да музыкалық мектеп ашылды. 1934 жылы Казакстан жазушыларының І съезі болып өтті, халық өнері шеберлерінің слеттері тұрақты өткізіліп, ел ішінде көміліп жатқан таланттардың көзі ашылды. Жамбыл мен Нұрпейіс, күйші Науша Бөкейханов пен әнші Ғарифолла Құрманғалиевтер ұлықталды.

1934 жылы 13 қантарда бас сахнада қойылған «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы — казак операсының тұңғышы. Одан кейін «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» опералары сахналанды. Музыкалық студия Казак мемлекеттік музыкалық театры (қазіргі Абай атындағы академиялық опера және балет театры) болып қайта құрылды. Қуылып қырғыз асқан режиссер Жұмағ Шанинді елге қайтарды.

1935 жылы Казак мемлекеттік филармониясы құрылды, одан бұрынырақ ҚазЦИК атындағы (қазіргі Құрманғазы атындағы) халық аспаптар оркестрінің негізі қаланған болатын.

Мәскеу театр комбинатының (қазіргі Луначарский атындағы ГИТИС) жанынан Казак ұлттық драма шеберханасы ашылды.

## Асқақ тұлға, айшықты еңбек

Жиынның ашылуында колледж директоры, техника ғылымдарының кандидаты Төшен Оразбекұлы баяндама жасап, Т.Жүргеновтің ұлт тарихындағы асқақ тұлғасы, айшықты еңбегі жайлы айтты.

Казак руханиятының көшбасшысы, жерлесіміз Т.Жүргеновтің бірегей болмысы, тартысты тағдыры, қоғамға, елге еткен қызметі туралы баяндама жасаған облыстық тарихи-өлкетану музейі экскурсиялық-көпшілік бөлімінің басшысы Әлзира Сағитжанова музей мұрағатындағы құнды деректерді алға тартып, сол бойынша түсірілген бейнежазбаны назарға ұсынды.

Сөзін қорытындылай келіп, облыстық тарихи-өлкетану музейінде Т.Жүргеновтің өмір жолын бейнелейтін арнайы көрме ұйымдастырылғанын айтып, жыныға қатысушы жастарды кез келген уақытта барып, құнды деректермен танысуға шақырды.

Қазанға атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің оқытушылары Гүлжахан Домбылова және Айдоос Рахметов Нарком Т.Жүргеновтің еліміздің білім саласын, мәдениеті мен өнерін биік деңгейге көтерген ағартушылық еңбегі жайлы әңгімеледі. Сонау 1936 жылы КСРО астанасы Мәскеуде өткен Казак мәдениетінің онкүндігі аясында қойылған концерт жайлы айта келіп, оған Сыр бойынан қатысып, «Өнер қайраткері» атанған дәстүрлі жырдың дүлдүлі Нартай Бекежановтың ерекше еңбегіне тоқталды. Сонымен қатар, Т.Жүргеновтің атакты Тұрмағамбет ақынға Шығыс әдебиетінің жауһары — «Шахнаманы» казак тіліне аудартуы ұлт әдебиетіне қосылған құнды қазына екені айтылды.

Жының директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Айнұр Ырзақмет қорытындылады.



логиялық көрсеткіштер бойынша екпе жүргізіледі. Сонымен қатар, түйеге де обаға қарсы екпе салынады. Халық арасында аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізіледі. Белгілі бір аймақ шегінде инфекцияның таралуын анықтаған кезде обаға қарсы мамандар дератизация (кеміргіштерді жою) және дезинсекция (жәндіктерді жою) шараларын жүргізеді.

Далала жүргенде ауру белгісі байқалған жабайы аңдарға жақындамаңыздар, өліп жатқандарын қолмен ұстауға мүлде болмайды. Сондай-ақ үйіңіздің іші мен айналасында тазалық сақтап, тышқан мен бұрғын жою шараларын жасағаныңыз жөн. Ал жалпы мал, соның ішінде түйе соятын болсаңыз, оны алдын ала арнайы ветеринарлық тексеруден өткізгеніңіз жөн. Бұл шаралар — оба ауруының алдын алудың негізі.

**А.НАМЕТШАЕВА,**  
Қызылорда обаға қарсы күрес станциясы филиалы зертханасының меңгерушісі

## Алдын алу – ауруға тосқауыл

**Оба – Жер шарының көптеген елдерінде кездесетін табиғи ошақты аса қауіпті карантиндік жұқпалы ауру. Адамзат тарихында 25 миллионға дейін жанның өмірін қиған ғасыр дертінің тарихы біздің облыста 1945 жылдың тамыз-қазан айларында тіркелген эпидемиядан басталған.**

Оба қоздырғышының негізгі сақтаушылары — әртүрлі кеміргіштер. Адам мен малға ауру қоздырғышын жұқтыратын бұрге, кене сияқты кансорғыш жәндіктер. Олар ауру кеміргіштің қанын сорып, қойлайы бір сәтте кездескен адамды немесе түйені шағу арқылы ауруды одан

әрі таратуы мүмкін. Оба ауруын жұқтырған түйе малы, жабайы аң және олардан алынған шикізат (ет, сүт, тері, жүн) өте қауіпті. Қызылорда облысының аймағындағы табиғи ошақта кеміргіштер арасында оба ауруы тіркеліп тұрады.

Оба адамдарды бұрге шақ-

қанда (трансмиссивті), қарым-қатынас кезінде, яғни анды сойғанда және терісін сыпырғанда, ауа-тамшылы, өкпе түрімен ауырған адам сау адаммен байланыста болғанда, алиментарлы жолмен (ауру жануарлардың етін жеген кезде) жұғады.

Белгілеріне келсек, 2-6 күннен соң біліне бастайды. Бұл уақыт ішінде микробтар адам ағзасын жайлап, уын жаяды. Жасырын кезден кейін адамды ауру билеп, әлсіздеті бастайды. Науқасқа шалдыққан адамның басы ауырып, лоқсып құсады, қан

тамырларының соғуы жиілеп, дене қызуы 38,5-39,5°C-ке көтеріліп, есінен танады. Сөйлегенде тілі күрмеліп, әрең үн қатады, сандырақтап сөйлейді, көзі қанталап, қызарып кетеді. Ауру белгілері оның жұғу түріне байланысты болады. Аннын, тышқанның терісін сыпырғанда, обадан өлген түйені сойғанда жұқса, ол адамның қолтық пен тамақ бездері іседі. Ал бұрге, кене арқылы жұққан болса, шаққан жерге таяу бездер ісініп, қабынады, аяқтан шақса адамның шап бездері, кеудеден, қолдан немесе мой-

ыннан шақса қолтық, тамақ бездері іседі. Қабанға бездерде қатты ауру пайда болып, қол тигізбейді. Без обасы асқынған кезде адамның өкпесіне шабады. Мұндай жағдайда науқас жөтелгенде, шашалғанда қан аралас қақырық тастайды. Ауру адамның сілекейіндегі микробтар үй ішіне тез таралып, сау адамдарға жұғуы мүмкін. Сондықтан осы көрсетілген ауру белгілері байқалса, шұғыл түрде дәрігерге қаралу керек.

Обаға қолжасыз аумақтарда тұратын адамдарға эпидемио-



# «Қайсардың» екінші жеңісі

Демалыс күндері футболдан ел біріншілігінің бесінші туры өткізілді. Биыл Премьер-лигада сынға түсіп жатқан қызылордалық «Қайсар» өз алаңында Қарағандының «Шахтерін» қабылдады.

**Әділжан ҮМБЕТ,**  
**«Сыр бойы»**

Билығы доп додасын екі команда да сәтсіз бастаған еді. Жерлестеріміз алғашқы үш турда небәрі бір ұпай жинады. Төртінші турда сырт алаңда Ақтаудың «Каспийін» жеңіп, жанкүйер көңілін бір серпілтіп тастағандай. Ал карағандылық клуб төрт ойында небәрі бір ұпай олжалап, турнир кестесінде төменгі орынның бірін місе тұтты.

Осындай себептерге байланысты командалар өзара кездесуді бірден шабуылмен бастады. Алғашқы минуттан қарбалас болып жатты. Қарағандылық клуб бірінші шабуылында «Қайсар» қақпасынан санылау тапты. Қызылордалық қорғаушылардың қателігін пайдалана білген «Шахтер» шабуылшысы Иван Свиридов командасын алға шығарды.

Ендігі кезекте алаң иелері тізгінді өз қолына алуға тырысты. Қос канаттан шабуыл жасап, карағандылық клубты тықсыра бастады. Бірнеше мәрте бұрыштама добы берілді. Осындай сәттердің бірінде «Қайсардың» жартылай қорғаушысы Горан Милойко ұлттық құрама қақпасын күзетіп жүрген Игорь Шацкийді қапы қалдырып

кетті. Бұл – ойынның 19-минуты болатын.

Жерлестеріміз бұдан кейін де тізгінді өз қолына алуға тырысты. Белсенділігі байқалып тұрды. Нәтижесінде 39-минутта қызылордалық қорғаушы Әділет Кенесбектің тепкен добы қақпа торында тулап жатты.

Ойынның екінші кезеңінде карағандылық команда есепті теңестіруге ұмтылды. Токсан минут түгесілер тұста олардың басымдығы байқалып тұрды. Десе де таблодағы есепке өзгеріс енген жоқ. Нәтижесінде «Қайсар» қарсыласынан 2:1 есебімен басым түсті. Турнир кестесінде сегізінші орынға көтерілді.

Енді жерлестеріміз алдағы ойынның 15 сәуірде Талдықорғанда «Жетісу» командасына қарсы өткізеді. Айтса кетсек, бесінші турда «Қайрат» өз алаңында «Жетісуға» 2:3, «Тобыл» «Астанаға» 0:1 есебімен есе жіберсе, «Ордабасы» мен «Ақтөбе» 1:1 есебіне қанағат білдірді.

Сондай-ақ, «Оқжетпес» «Ақсулы» 3:0, «Мақтарал» «Каспийді» 3:1, «Қызылжар» «Атырауды» 1:0, «Қайсар» «Шахтерді» 2:1 есебімен тізе бүктірді.



# Кәсіпкерлер жалақыдан Бірыңғай төлемді Onlinebank арқылы төлей алады

Onlinebank қосымшасында кәсіпкерлер үшін «Бірыңғай төлем» жаңа қызмет түрі пайда болады. Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлері үшін жалақыдан бірыңғай төлем қызметі енгізілді. Былғы жылы ол бойынша мөлшерлеме жалақы қорының 20%-н құрайды.



Бірыңғай төлемге мынадай аударымдар кіреді:  
- жеке табыс салығы (ЖТС);  
- міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ);  
- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар (МӘМСЖ)  
- әлеуметтік аударымдар (ӘА);  
- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) аударымдар.

Бірыңғай төлемді жұмыс берушілер – оңайлатылған декларация негізінде арнайы салық режимдерін қолданатын микро және шағын бизнес иелері (ЖШС, ЖК), сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен ауыл шаруашылығы кооперативтері, шаруа немесе фермер қожалықтары төлей алады.

Бұл қызметтің маңызды артықшылықтарының бірі – бірнеше төлемнің орнына сіз тек біреуін төлейсіз. Бірыңғай төлемді төлеу механизмі мүмкіндігінше қарапайым және интуитивті түрде түсінікті. Onlinebank мобильді қосымшасында сіз тек қызметкердің бастапқы деректерін (аты-жөні,

туған күні, ЖСН және салық шегерілгенге дейінгі жалақы сомасы) енгізіп, жеңілдіктерді ескере отырып, аударымдардың түрін көрсетіп, төлемді растауыңыз керек. Қосымша сіз үшін төлем сомасын автоматты түрде есептейді.

Бірыңғай төлем Onlinebank мобильді қосымшасында 27 наурыздан бастап қолжетімді болды. Сонымен қатар, сіз қызметкерлер мен төленетін салықтар туралы ақпаратты сақтай және түзете аласыз.

Айтса кетсек, Onlinebank қосымшасының функционалдығы өте алуан түрлі және үнемі жетілдіріліп отырады, бұл кәсіпкерге барлық қажетті қызметтерді бір терезе қағидаты бойынша алуға мүмкіндік береді. Мұнда сіз цифрлық карта, ЖК үшін шот аша аласыз, заем ресімдеп, валютта айырбастай аласыз және тағы басқаларды жүзеге асыра аласыз. Сондықтан Halyk Bank-тің Onlinebank қосымшасы бизнес үшін ең қолайлы деп танылады.

Қосымшаны iOS немесе Android орнатылған кез келген құрылғыға жүктеуге болады.

03.02.2020 жылы №1.2.47/230/38/1 лицензиясы КНРДА-ден берілген

# Шатыр ұшты! Шытырлап ақша ұшты!

Ұйытқып соққан желге шыдаса бермеген шатырлар – құрылыс сапасының көтермейтінін айтады. Осы тұста, цифрландыру деп ұрандама бұрын шипырландырумызды дұрыстап алсақ, құба-құп болар еді. Себебі соңғы 4-5 жылда төбесіндегі шатыры сыпырылып түскен нысандар оқтын-оқтын тіркеліп жатыр. Бұл мемлекет қаражатын желге ұшырып қана қоймай, адам өміріне де қауіп төндірілді.

– 2020 жылы 4, 2021 жылы 2, 2022 жылы 18 және биыл 24 шатыр құлады. Өкінішке орай, бұл сандар жыл өткен сайын көбейіп келеді. Шатыры кеткен ғимараттардың басым бөлігі – білім, әлеуметтік нысандар және тұрғын үйлер.

Төтенше жағдайлардың туындау қаупін азайту үшін

алдағы уақытта, жеке сектордағы жанадан салынып жатқан тұрғын үйлердің шатыр конструкцияларына, ескірген шатырды монтаждау кезінде сапасына баса назар аударылу керек. Оған бюджеттен бір тиын да қаражат бөлінбейді. Салынғанына елу жыл болған ғимарат болса түсінікті, ал кейінгі үш-төрт жылда пайдалануға берілген нысанның шатыры бір желге шыдаса берме, оған бюджет қаражаты жұмсалмайды, – деп аймақ басшысы Н.Нәлібаев.

Барлығы 2909 шаршы метр шатыр зақымдалып, қазір жергілікті атқарушы органдар комиссия құрып, келтірілген шығындарды есептеп жатыр. Өңірде жиі болатын табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың қауіптісі қатты желден шатыр құлауы болып тұр. Салдарынан электр желілері үзіліп, халықтың тіршілік ыр-

ғағының бұзылуына, айтарлықтай материалдық шығындарға әкеліп соқтыруда.

– Екі аптаның ішінде залал келген нысандардың барлығы қалпына келтірілуі керек. Оған бюджеттен бір тиын да қаражат бөлінбейді. Салынғанына елу жыл болған ғимарат болса түсінікті, ал кейінгі үш-төрт жылда пайдалануға берілген нысанның шатыры бір желге шыдаса берме, оған бюджет қаражаты жұмсалмайды, – деп аймақ басшысы Н.Нәлібаев.

Барлығы 2909 шаршы метр шатыр зақымдалып, қазір жергілікті атқарушы органдар комиссия құрып, келтірілген шығындарды есептеп жатыр.

Өңірде жиі болатын табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың қауіптісі қатты желден шатыр құлауы болып тұр. Салдарынан электр желілері үзіліп, халықтың тіршілік ыр-

ғағының бұзылуына, айтарлықтай материалдық шығындарға әкеліп соқтыруда.

– Екі аптаның ішінде залал келген нысандардың барлығы қалпына келтірілуі керек. Оған бюджеттен бір тиын да қаражат бөлінбейді. Салынғанына елу жыл болған ғимарат болса түсінікті, ал кейінгі үш-төрт жылда пайдалануға берілген нысанның шатыры бір желге шыдаса берме, оған бюджет қаражаты жұмсалмайды, – деп аймақ басшысы Н.Нәлібаев.

Барлығы 2909 шаршы метр шатыр зақымдалып, қазір жергілікті атқарушы органдар комиссия құрып, келтірілген шығындарды есептеп жатыр.

Өңірде жиі болатын табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың қауіптісі қатты желден шатыр құлауы болып тұр. Салдарынан электр желілері үзіліп, халықтың тіршілік ыр-

метр алаңға құлаған.

Ал 2022 жылдың 21 мамырында сағат 21.00-де облыстық ТЖД-ға Жанакорған ауданы ТЖБ-дан хабарлама түсті: сағат 16.00 мен 18.00 аралығында қатты желдің әсерінен (жылдамдығы 24 м/с) 2 ғимараттың шатыры (профнастил) құлады.

Өткен жылдың 6 шілдесі күні болған қатты желден Жалағаш ауданында да бірнеше ғимаратқа зақым келді. Табиғи оқиға салдарынан көпөтерлі 2 тұрғын үйдің шатыры ұшып, сол жердегі 2 көлікке құлаған. Сондай-ақ, жақын маңда орналасқан электр бағаналары да үзілген.

Шатыр құлаған сайын мамандар «Құрылыс сапасын жақсартамыз» Қадағалауды күшейтеміз. Бақылауымыз деп көзді бақырайтып тұрып, уәдені үйіп-төгіп береді. Бірақ, байқап отырғаныңыздай, шатыр ұшу оқиғалары жыл сайын артуда. Оң нәтиже жоқ. Айналып келгенде зардап шегетін халық. Ендігі кезекте жауапты мамандар бұл мәселені тиянақтап қою керек. Облыс әкімінің талабы да осы.



# Парламент сайлауына қатыспақ

Алтайдан ауып, Гималай асқан қазақ көшінің бүгінгі ұрпағы Решеде Юксел 14 мамыра жапарланған Түркиядағы Парламент сайлауына қатысуға бақ байлап отыр.

Ол Ыстанбұл қаласының Зейтінбурны ауданында туып-өскен. Алғашқы мектепті Зейтінбурныда оқыған, жеті баланың ортаншысы. Бауырлары инженер, әскери қызметкер, дәрігер, фармацевт, мұғалім болып жұмыс істейді. Өзі Ыстанбұл университетіндегі Джерахпаша медициналық факультетін бітірген, 27 жыл Денсаулық министрлігінде қызмет атқарған.

# Масктің дәулеті азайып қалды

Tesla акцияларының 11%-ға төмендеуі оның бас директоры Илон Масктың дәулетін миллиардтаған долларға кемітті.

Маск өткен аптада 14,5 млрд доллар жоғалтты, оның таза байлығы 7%-ға төмендеп, 187,9 млрд доллар болды. Бұл – осы аптадағы барлық миллиардерлер арасында жалпы және пайыздық көрсеткіш ішіндегі ең үлкен төмендеу.

Бұған Tesla инвесторларының компанияның кірістілік болжамына күмән келтіргені себеп болған, өйткені тоқсандық есеп көлік құралдарының қоры осы жылдың басында күрт өскенін көрсеткен. Дегенмен, Маск АҚШ-тағы ең бай және әлемде дәулеті жағынан екінші адам болып қала береді.

# Мыңжылдық дәстүрге қайшы келсе де...


Ұлыбритания королі III Чарльз бен Англия шіркеуі дінбасыларының тәжію рәсімін қалай ұйымдастыру керектігі туралы кезқарастары әртүрлі болып шықты.

Монарх бұл рәсімге басқа конфессия өкілдерінің белсендірек қатысқанын қалайды және бұл мыңжылдық ұлттық дәстүрге қайшы келеді.

Басылымның хабарлауынша, Чарльз III тәжію рәсімінің барысында мұсылмандар, индустар және еврейлер христиандармен бірге Вестминстер аббаттығындағы салтанатты рәсімде өз дұғаларын оқуға мүмкіндік алғанын жақтайды.

74 жастағы III Чарльзге тәжію рәсімі Лондондағы Вестминстер аббаттығында 2 мың адамның қатысуымен 6 мамыр күні өтеді.

# Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, импотенция, бедеулік?!



Армьсыздар, құрметті оқырмандар! Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 40 жастан асқан ер адамдардың басым бөлігінде урологиялық аурулар бар. Простатит, простата аденомасы, уретрит, кіші дәреттің жиілігі, белсіздік сынды аурулар егде жасқа жеткен ер азаматтарда ғана емес, сонымен қатар жастар арасында да белсең орын алууда.

Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тигізуге, кіші жамбас мұшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, зәр толыққанды шықпай, несеп қалтада зәрдің қалдықтары қалып қоя береді. Толық босатылмаған қалдық зәр қайта зәр сындыруға шақырып, дәрет арасы жиілейді. Мұның барлығы жайсыздық пен кіші жамбас аймағының ауырсынуына ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметтің бұзылуы, ерлер күш-қуатының әлсіздігіне әкеліп соғады.

Бедеуді кейінге шегере отырып, ер адам өзіне үлкен қауіп төндіреді, өйткені ауру асқынса кезеңіне түскенде, мәселені хирургиялық жолмен шешуге тура келеді. Операция арқылы 100% оң нәтиже бере бермейді. Оған қарамастан егде жас қарсаңында адамдар үшін қауіпті, себебі жүрек-қантамыр жүйесінің қоры азайып, ағзаның имундық жүйесі әлсірейді.

Егер де сіз, өз бойыңызда қуық асты безінің ауру белгілерінің пайда болуын байқасаңыз, дереу көмекке жүгінуіңіз қажет. Мысалы: зәр шығарудың бұзылуы, еркектік әлсіздік, ауырсыну белгілері, уретралды каналдың қысылуы. Соқрат айтқандай «Денсаулық - барын емес, бірақ «барын» денсаулықсыз маңызды емес». Бақытымызға орай, қазірдің өзінде урологиялық ауруларды емдеуге арналған Израиль технологиясымен әзірленген «Уроформен» парафармацевтикалық сапасы дәлелденген, күшті препарат бар. Уроформен - қабылдаудың алғашқы кезеңінде-ақ, жыныс безіндегі, несеп жолындағы қабыну процесінің қоздырғыштары болып табылатын бактериялар мен микроағзаларды шығарып, простата безінің қабынуы мен ісінуін тоқтатады. Нәтижесінде несеп шығару процесі жақсарып, ауырсынуы жояды. Сонымен қатар, Уроформен жыныс бездерінің жұмысын жақсартады. Ал, ол өз кезегінде ерлердегі жалпы күш-қуат беретін тестостеронды қажетті мөлшерде бөліп шығарып, ерлерде кездесетін жыныс әлсіздігін жояды. Осылайша, күрделі процестің арқасында Уроформен бүкіл несеп-жыныс жүйесінің жұмысын қалпына келтіреді.

**Мына телефон арқылы кеңес алып «Уроформен» препаратына тапсырыс бере аласыз: 8 705 926 37 98 немесе uroforman.kz сайты арқылы. Тегін жеткізу қызметі бар.**



Оразбаев Муратхан Орал қаласы

Сәлеметсіздер ме! Жақында ғана мен простатитті емдеуге арналған «Уроформен» деп аталатын дәрі сатып алдым. Оны қолданғаннан кейін осы препаратқа қатысты мақсаты бір-бірір пайда болып, сіздермен бөлісуді мән көрдім. Адаммен сіздерге ауруым туралы қысқаша айтып өтейін. Мені бірнеше жыл бойы простатит ауруы мазалап келді, көбіне ауру қыста асқынатын кететін. Шып-аймағанда және зәр шығару кезінде ауырсынулар пайда болып, үнемі ыңғайсыздық, мазалайтын болды. Осы уақыт аралығында қаншама дәрі қабылдап көрдім. Кейбір дәрі-дәрмектерден пайда болды, бірақ өкінішке орай әсері ұзаққа созылмады. Ал «Уроформенді» қабылдағаннан 2 ай болды. Осы препаратты қабылдағаннан нәтижесінде ауруым барлық белгілері кетті. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Осыған дейін мазалаған ыңғайсыздық та сезілмейді және төсек қатынасы да қалпына келді. Айтарым, осы өнімге толықтай көңілім толды. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, сау болыңыздар!

Құрамындағы негізгі белсенді заттар: препаратын құрамында химиялық компоненттер жоқ. Дозасы және қабылдау әдісі: қабылдау ұзақтығы 1 айдан жоғары. Қарсы көрсеткіштер: компоненттерге жеке төбеуімді.

Menşik isesi  
**СЫРМЕДИЯ**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
**БАС ДИРЕКТОР**  
**Аманжол ОҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
**БАС РЕДАКТОР**  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)  
**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.  
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68, Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.